

**"Арал ауданы Сексеуіл кентінің жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентін бекіту туралы" Арал аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 154 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 135 шешімі

Арал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Арал ауданы Сексеуіл кентінің жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентін бекіту туралы" Арал аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 154 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6306 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Арал ауданы Сексеуіл кентінің жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентінде:

4-тармақта:

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды, сондай-ақ "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мерзімдерде олар бойынша ұсынымдар беруді көздейтін атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау";

оныншы абзац алып тасталсын;

он бірінші абзац алып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Арал аудандық мәслихатының төрағасы*

*Б.Турахметов*